

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 10 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметінен босату туралы.

Бұл мәселе бойынша Сенатқа Президенттің тиісті ұсынымы келіп түсті.

Слово для информирования о представлении Президента страны предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Республики Казахстан Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На ваше рассмотрение внесено представление Главы государства об освобождении Жангуттинова Мейрама Курмашовича от должности судьи Верховного Суда.

Жангуттинов приговором суда признан виновным в совершении мошенничества с использованием служебного положения. Данный приговор вступил в законную силу.

Уважаемые депутаты, просим вас поддержать представление Главы государства об освобождении от должности судьи Верховного Суда Жангуттинова Мейрама Курмашовича в связи с вступлением в законную силу обвинительного приговора суда.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті бұл мәселені алдын ала талқылап, өз қорытындысын әзірледі.

Слово для информирования о заключении комитета предоставляется председателю Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, на своем заседании обсудив предложенную Президентом Республики Казахстан кандидатуру к освобождению от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключение.

На основании представления Президента Республики Казахстан и в соответствии с подпунктом 1) статьи 55 Конституции Республики Казахстан, подпунктом 5) пункта 1 и подпунктом 1) пункта 3 статьи 34 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан освободить от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан Жангуттинова Мейрама Курмашовича в связи с вступлением в законную силу обвинительного приговора суда.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуіне байланысты Мейрам Құрмашұлы Жанғұттиновты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметінен босату жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы

арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына беріледі.

БРЕКЕШЕВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес әзірленген «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтардың трансшекаралық өткізілуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ұсынып отырмыз.

Келісім 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт шеңберінде жасалған халықаралық шарт болып табылады.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт осы одаққа мүше мемлекеттердің үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын қолдануды көздейді.

Қазақстанда қауіпті қалдықтарды әкелу, әкету және транзитін заңнамалық реттеу Базель конвенциясымен және Экологиялық кодекс нормаларымен жүзеге асырылады.

Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге қатысты әкелу немесе әкету кезінде лицензиялық тәртіп қолданылады. Қауіпті қалдықтардың экспорты мен импортына лицензия беруді министрлік 2019 жылдан бастап, яғни ол құрылғаннан бастап жүзеге асырады.

Қалдықтарды экспорттайтын және импорттайтын кәсіпкерлер Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкелуге немесе әкетуге рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлардың тізбесін басшылыққа алады.

Жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін қалдықтарды трансшекаралық өткізуіне тыйым салынады.

Келісім талаптарын сақтау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында қауіпті қалдықтарды өткізудің бірыңғай тәртібін белгілеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қауіпті қалдықтарды экологиялық негізделген түрде жоюға және қайта өндеуге, қоршаған ортаның ластануын болғызбауға алып келеді. Осылайша тараптар осы келісімге және тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қалдықтардың трансшекаралық орнының ауыстырылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын болады. Тараптар қалдықтарды көму және залалсыздандыру мақсатында оларды трансшекаралық тасымалдауға жол бермейді.

Келісім теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, мен бұл заңды қолдаймын. Бірақ бірнеше сұрақ туындап отыр.

Я хотел сказать, что есть доля сомнений, что в соглашении предусмотрены все возможные нюансы, которые могут проявиться в реальной практике торговых взаимоотношений.

Так, в соответствии со статьей 2 речь идет об отходах как о товаре Евразийского экономического союза, что предполагает торговые взаимоотношения, исключая утилизацию. Тем более что в статье 5 говорится о запрете на захоронение опасных отходов. Вместе с тем в абзаце 2 статьи 8 говорится, что в случае отсутствия разрешительных документов или их неправильного оформления отходы должны быть возвращены отправителю либо захоронены на территории государства-импортера.

В этой связи можно задаться вопросом: а есть ли гарантии того, что недобросовестные субъекты не будут преследовать цели именно захоронения опасных отходов на чужой территории?

Второй вопрос. Процессы утилизации опасных отходов неизбежно сопряжены с экономическими издержками с обеих сторон, что несколько противоречит выводу министерства о нулевых затратах на реализацию этого закона.

Более того, согласно пункту 2 статьи 14 Базельской конвенции о контроле за трансграничной перевозкой опасных отходов и их удалением от 1989 года предусмотрено, что стороны рассмотрят вопрос о создании оборотного фонда для оказания на временной основе помощи в случае чрезвычайных ситуаций с целью сведения к минимуму ущерба от аварий в результате трансграничной перевозки опасных и других отходов или их удаления. В этой связи вопрос: за счет каких средств будет формироваться данный фонд?

Думается, следует заглянуть глубже в ближайшее будущее и максимально сократить возможности для рисков. Какова позиция министерства по поднятым мною вопросам? Спасибо.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопросы.

Ответ на данные вопросы можно разделить на три части. Во-первых, во втором абзаце статьи 8 говорится о том, что отходы должны быть возвращены отправителю либо удалены экологически обоснованным методом, но никак не говорится о захоронении.

В статье 325 Экологического кодекса четко прописано, что такое удаление. Удаление – это не захоронение отходов, а операции по управлению отходами, например, подготовка, переработка, обработка и сортировка отходов.

Что такое подготовка отходов? Это когда отходы подготавливаются для вторичного использования без прохождения какой-либо обработки.

Переработка – это химические, биологические, механические, физические процессы, направленные на извлечение из отходов или их компонентов полезных веществ или сырья для последующего использования в производстве.

Сортировка и обработка – это вспомогательные процессы.

В Базельской конвенции есть такое понятие, как экологически обоснованное применение отходов. Это говорит о том, что в случае применения опасных отходов должны быть приняты все возможные меры по недопущению отрицательного воздействия на

здоровье человека и на окружающую среду. То есть в этой статье не идет речи о захоронении, здесь говорится о том, что эти отходы должны быть экологически безопасно удалены. Как Вы отметили в своем вопросе, статьей 5 этого соглашения не предусмотрено захоронения опасных отходов.

По вопросу ядерных отходов. Это в компетенции Министерства энергетики. Эти вопросы регулируются Соглашением между Республикой Казахстан и МАГАТЭ, а также Законом Республики Казахстан «Об использовании атомной энергии».

В то же время данное соглашение, как и Базельская конвенция, не предусматривает распространения положений применительно к данным видам отходов.

Кроме этого, в новом Экологическом кодексе прямо прописано, что ввоз на территорию Республики Казахстан ядерных отходов запрещен.

Что касается вопроса о том, за счет каких средств будет формироваться фонд. В случае инцидента финансовая ответственность определяется Протоколом под названием «Ответственность и компенсация». Так как Казахстан и другие страны – участники Евразийского экономического союза еще его не ратифицировали, то протокол считается не вступившим в юридическую силу. Поэтому вопросы компенсации экологического ущерба регулируются национальным законодательством государств – членов Евразийского экономического союза. В нашем случае это Экологический кодекс и Закон «О гражданской защите».

В Экологическом кодексе заложен принцип «загрязнитель платит». В случае если кто-то допустил такое экологическое нарушение, то за свой счет и в полном объеме он должен провести ремедиацию компонентов природной среды. Если же вред нанесен здоровью человека, то это определяется законодательством о гражданской защите.

Более того, в случае если экспортер опасных отходов проявляет желание провести операцию по трансграничному перемещению, то согласно новому экологическому законодательству он обязан застраховать свой груз. Минимальная ставка страхования составляет 65 тысяч МРП (это порядка 200 миллионов тенге). Надо отметить, что ранее в законодательстве минимальная ставка была 17 тысяч МРП.

В целом все случаи вывоза опасных отходов и все требования прописаны в статье 364 Экологического кодекса.

Если говорить об алгоритме, как это все происходит, говоря простым языком, если экспортер собрался транспортировать такой груз, то изначально он должен заключить договор с компанией, которая обеспечит удаление этих отходов экологически безопасным способом. Только после этого он подает заявку в компетентный орган страны-экспортера. Если это касается Казахстана, то это Министерство экологии, геологии и природных ресурсов. После этого Министерство экологии, геологии и природных ресурсов направляет уведомление в страну-импортеру. Если это, допустим, Российская Федерация, то это Министерство природы. После получения от Министерства природы Российской Федерации уведомления о согласии принять такой груз, экспортер (я имею в виду юридическое лицо) начинает собирать пакет документов, который направляет опять же в наше министерство для получения заключения на такую услугу.

В этот список входит ряд документов, в том числе договор купли-продажи, паспорт отхода, договор на переработку, договор на транспортировку. В этих договорах, как

правило, есть подтверждение, что все участники этого процесса, начиная от торговца, перевозчика, переработчика, должны иметь соответствующие лицензии согласно договору, действующие на территории страны, где это будет происходить.

Кроме того, в этом пакете документов есть обязательная страховка, обязательный план по ликвидации чрезвычайных и аварийных ситуаций. И только после этого министерство, компетентный орган, дает соответствующее заключение либо мотивированный отказ.

Поэтому случаи, чтобы кто-то специально сделал так, чтобы... неправильно оформлены документы и так далее с целью захоронения, риски таких случаев сведены к минимуму. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серікқали Аманғалиұлы. Очень подробный, детальный и компетентный ответ.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серікқали Аманғалиұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Нұралиев Әбділі Токбергеліне беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлы «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы бойынша толық баяндап, қойылған сұрақтарға жауап берілді деп ойлаймын.

Қазіргі уақытта еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі экологиялық залалдың алдын алу және оған жол бермеу. Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында экологиялық ахуалды жақсарту, оны заңнамалық тұрғыдан қорғау мәселелерінің отанымыз үшін маңыздылығын атап өтті.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасында 2019 жылғы 9 тамызда Чолпон-Ата қаласында Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттердің үкімет басшылары қол қойған келісімді ратификациялау көзделеді.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтардың трансшекаралық өткізілуіне байланысты қатынастарды реттеуге, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдаудың рұқсат беру тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы келісімде қалдықтарды экспорттайтын және импорттайтын кәсіпкерлер Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкелуге немесе әкетуге рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарлардың тізбесін басшылыққа алады.

Бүгінгі қарастырылып отырған заң жобасын қабылдау:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында қауіпті қалдықтарды өткізудің бірыңғай тәртібін айқындауға;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының одақтың кедендік аумағы бойынша осындай тасымалдар кезінде берілген қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) және анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат алмасу бөлігінде өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;

экологиялық негізделген қалдықтарды жоюды және қайта өңдеуді, қоршаған ортаның ластануын болдырмауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы орайда ратификацияланатын келісім Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы шегінде мүше мемлекеттердің қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуді реттеуге оң әсерін береді деп ойлаймын.

Шартты ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша шығындарды талап етпейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Заң жобасы жұмыс тобының және бас комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды. Сенаттың барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Құрметті төраға, құрметті әріптестер! Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әбдәлі Тоқбергенұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Ратификациялауға ұсынылған келісімнің мақсаты 1989 жылғы 22 наурыздағы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясында көзделген халықаралық міндеттемелерді орындай отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасау.

Бұл халықаралық шарт одаққа мүше мемлекеттер арасында қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізудің бірыңғай тәртібін қолдану, оларды экологиялық негізделген түрде жою, қайта өңдеу мен қоршаған ортаның ластануын болдырмауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолданыстағы Экологиялық кодекс нормаларына сәйкес ел экономикасының сапалы өсуі экологиялық жағдайға теріс ықпалын барынша азайтуға негізделуге тиіс және бұл талап бүгінде қоғам алдындағы өзекті міндеттердің бірі. Сондықтан да аталған келісімнің қабылдануы маңызды, уақытылы және негізделген деп айтуға болады. Сонымен қатар келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасын

жүзеге асыру кезінде үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуге байланысты қатынастарды да реттейді.

Жалпы заң жобасы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуді реттеудегі және қоршаған ортаны қорғаудағы тараптардың құқықтық ынтымақтасуына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық интеграцияны одан әрі дамытуға ықпал етері сөзсіз.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере келе қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында қауіпті қалдықтарды өткізудің бірыңғай тәртібін айқындайды. Сондай-ақ оларды тасымалдау кезінде берілген қорытындылар мен анықталған бұзушылықтар туралы ақпарат алмасуға құқықтық негіз қалыптастырады. Алдағы уақытта осы заң қауіпті қалдықтарды экологиялық жолмен қайта өңдеуге, қоршаған ортаны таза ұстауға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауалды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің атына жолдаймыз.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Біздің депутаттық сауалымызға аграрлық сектордағы қордаланып, түйіні шешілмей отырған бірнеше проблема себеп болып отыр.

Біріншіден, 2022 жылдың екі жарым айының өткеніне қарамай ауылшаруашылығын субсидиялау тәртібі әлі күнге дейін бекітілген жоқ. Биылғы жылы осы мақсатта бөлінетін республикалық трансферттер көлемі азайып, субсидияландырудың түрлері қысқарып, оларды берудің тәртібі мейлінше өзгертін сияқты. Әрине, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тексерулерінен кейін аграрлық секторды субсидиялаудың реформасын жүргізу керек. Бірақ ол асығыс, аяқ астынан, екі-үш айдың көлемінде жасалатын нәрсе емес. Әсіресе биылғы жыл ауылшаруашылығы үшін өте ауыр жыл болайын деп тұр. Құрғақшылық, судың тапшылығы, минералдық тыңайтқыштар мен пестицидтердің қымбаттауы, оның үстіне Ресейге салынған санкцияларға байланысты азық-түлік тауарларының Қазақстанға ағылуы күтілуде. Ол өз кезегінде біздің шаруаларды

тығырыққа тіреуі мүмкін. Осыны ескере келе аграрлық секторды қолдау шаралары арта түсуі керек. Субсидиялардың біраз бөлігін жергілікті бюджеттерге арта салу да сала проблемасын күрделендіре түсетіні анық.

Әрине, субсидияландырудың тәртібі қатып қалған догма емес, саланы дамытудың мақсаттарына сай өзгертіліп тұруы да керек. Бірақ ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне «өтпелі кезең» үшін кемінде бір жыл уақыт берілуі тиіс, өзгерістер жайы алдын ала ескертілуі керек. Өкінішке қарай, нақты жағдай керісінше болуда.

Вице-премьер Скляр мырзаның қатысуымен өткізілген субсидиялау тәртібінің таныстырылымында айтылғандай қаржылай қолдаудың ақпараттық жүйесі 2022 жылдың I шілдесіне ғана дайын болмақ. Ал оңтүстікте басталып кеткен көктемгі дала жұмыстарының проблемалары шаш етекпен. Жанармайға, минералды тыңайтқышқа, ағын суға қатысты түйінді мәселелердің бірде-бірі шешілген жоқ. Соған қарамай субсидиялардың көлемі мен түрлері, оларды бөлудің тәртібі аяқ астынан өзгертілмек. Аграрлық сектор – эксперимент жасайтын алаң емес. Керісінше, әсіресе биылғы жылы ауылшаруашылығына қосымша қолдау көрсету қажет.

Мүмкін «Жасыл даму» АҚ есепшотындағы утиль алымнан құралған 200 миллиард теңгеден астам бос қалдықтың бір бөлігін аграрлық секторға жұмсаған дұрыс болар. Қазіргі таңда халықты автокөлікпен емес, азық-түлікпен қамтамасыз ету маңыздырақ деп есептейміз.

Екіншіден, ауылшаруашылығы тауар өндірушілері үшін ең қажетті минералды тыңайтқыштардың бағасы күрт өсіп отыр. 2021 жылдың қаңтар айында «ҚазАзот» АҚ өндіретін аммиак селитрасының тоннасы 81 мың теңге болса, желтоқсанда оның құны 200 мың теңгеге дейін көтерілген, яғни 2,5 есе. Ал «Қазфосфат» АҚ шығаратын аммофостың бағасы сол уақыт аралығында екі есе қымбаттап, 207 мың теңгені құраған.

Тыңайтқыштарды субсидиялаудың көлемі 50 пайыз деңгейінде қалған күннің өзінде де шаруалар қыруар шығынға ұшырағалы отыр. Өкінішке қарай, былтырғы жылы да осы бағытта нақты ұстанымның болмауынан өзімізде өндірілген минералдық тыңайтқыштардың 80 пайызы шетелге сатылып кетті.

Өсімдік шаруашылығындағы өнімдердің өзіндік құнының 15 пайызын тыңайтқыштар шығыны құрайды. Олай болса еліміздегі минералды тыңайтқыштардың бағасын және экспортын реттеудің тиянақты шаралары қабылдануы керек.

Үшіншіден, ауыл шаруашылығына қажетті ағын судың тапшылығы және оның бағасының күрт өсуі. Су тапшылығының болатындығы жыл басынан-ақ сезіліп тұр. Биылғы жыл оңтүстік өңірлердегі шаруаларға экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан ауыр соғайын деп отыр. Оның үстіне ағын суға бөлініп жүрген субсидиялардың тағдыры әлі белгісіз. Соған қарамастан «Қазсушар» АҚ ағын судың бағасын 2,5 есе қымбаттатқан, негізгі себеп шетелдік қаржы ұйымдарынан алған займдардың төлеу уақытының келгендігі.

Қазақстан өкіметі биылғы жылдың климаттық ерекшеліктерін, соңғы екі жылдың пандемияға қатысты ауыртпашылықтарын ескере отырып ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін сумен қамтамасыз етудің, оның бағасын төмендетудің нақты шараларын қабылдауы қажет. Керек болса әлемдік қаржы институттарымен келіссөздер жүргізіп, шетелдік займдардың төлеу мерзімдерін қайта қарауды ұсынамыз.

Құрметпен, Сенат депутаттары Бектаев, Күрішбаев, Жұмағазиев, Нұралиев, Мусин, Булавкина, Дүйсембинов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында Қазақстанның қайта өңдеу өндірісін шикізатпен толыққанды жүктеуді қамтамасыз ету жөнінде міндет қойды, сондай-ақ аграрлық секторды дәстүрлі қолдаудан басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін тереңдетіп қайта өңдеуге, тамақ, тоқыма өнеркәсібін дамытуға, басқа да өнеркәсіп салаларына аса маңызды назар аудару қажет екенін атап өткен болатын. Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудегі өткір мәселелердің бірі – жүнді қайта өңдеу.

Отандық тоқыма жүн өнімдерін өндірушілер күрделі шикізат тапшылығын бастан кешіп отырғанда жүн өндірушілер қарапайым және тиімді технологияларға, сондай-ақ өндірілген шикізатты қайта өңдейтін бизнесті қолдауға мұқтаж болып отыр.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес өткен жылы 40 мың тонна қой жүні өндірілді, қайта өңделгені 11 мың тоннаға жуық, оның 73,5 пайызы өңделмей қалып отыр. Бұл ретте табиғи талшықтардан жасалған өнім өндірісі ішкі нарықтың сұранысын 8 пайызға ғана қамтиды, сондықтан жүннен иірілген жіп пен жүн маталарының отандық өндірісі жоқ деп айтуға болады.

Қой өсірумен елімізде 4 мыңға жуық ауыл шаруашылығы құрылымдары айналысады, ал жүн өңдейтін зауыт небәрі 13, оның ішінде тек 4 кәсіпорын биязы жүнді қайта өңдеудің толық циклімен қамтылған. Сонымен бірге сұраныстың жоқтығынан немесе шикізат болмағандықтан өткен жылы жүн өңдейтін алты кәсіпорын жұмыс істеген жоқ, ал істеп тұрған жетеуінің жүктелуі небәрі 30 пайызды құрады.

Отандық алыпсатарлар тек биязы қой жүнінің бір килограммын 100-150 теңгеден қабылдайды, ал бір қойды қыркуға кететін шығын 300-500 теңгеге дейін. Оның үстіне жүнді өткізу мәселесі жолға қойылмағанына байланысты шаруалар оларды өртеп жіберуге мәжбүр.

Қойдың жүні – жоғары энергетикалық шығындарды талап етпейтін, өзіндік құны төмен экологиялық шикізат. Құрылыс материалы ретінде тек қана ішкі нарықта емес, шет елдерде де сұранысы бар өнімдердің бірі. Сонымен қатар қазіргі уақытта оларды өндіруге отандық инвесторлардың қызығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн. Алайда агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың шаралары және де Индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы осы салаға инвестициялардың тартылуын толықтай ынталандырмай отыр.

Сала мамандарының пікірінше осындай жағдай жүн өңдеу мәселелерінің екі уәкілетті органға тиесілі болуынан туындап отыр. Мәселен, шикізат өндіру және тері мен жүнді бастапқы өңдеу мәселелері Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзырына жатады,

ал терең өңдеу Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне қарайды. Нәтижесінде іске асырылатын инвестициялық преференциялар мен мемлекеттік қолдау шаралары бір-бірін жалғастырып, толықтырмайды, кейбір мәселелер бойынша белгілі бір қиындықтарды да туғызып отыр.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде:

1. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау бағдарламаларына тері мен жүнді терең өңдеу бойынша жобаларды енгізу жөніндегі өкілеттіктерді Ауыл шаруашылығы министрлігіне беру жолдарын шешу.

2. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына:

тері мен жүнді терең өңдеу жөніндегі өндірістерді құру және кеңейту бойынша жобаларды субсидиялау мүмкіндіктерін енгізу;

жаңа шағын және орташа қуатты өндірістердің ашылуын, сонымен қатар жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және жаңғыртуды ынталандыру мақсатында инвестициялық салымдарды өтеу үлесін ұлғайту және өндірістік қуаттардың ең төменгі деңгейі бойынша талаптарды төмендету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелерін зерделеу.

3. Шаруалардан жүн сатып алудың орталықтандырылған жүйесін ұйымдастыру мақсатында елдің барлық өңірлерінде тері мен жүнді қабылдау жөніндегі сервистік-дайындау пункттерін құру туралы мәселелерді қарастыруыңызды сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Жұмағазиев, Бектаев, Булавкина, Дүйсембинов, Мусин, Нұралиев, Әбдікерев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былтыр 20 қазанда Жезқазған қаласына барған сапарында қала тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударған болатын. «Адамдарды таза ауызсумен қамтамасыз етуді Үкімет әкімдікпен және «Қазақмыс» корпорациясымен бірлесіп қысқа мерзім ішінде, әрі кеткенде бір жарым жыл ішінде шешуі керек» деген тапсырма беріп, бұл мәселені бақылауында ұстайтынын ескерткен.

Жезқазған қаласы халқының негізгі тіршілік көзі – Кеңгір су қоймасы. Ол Қарағанды облысындағы ең ірі су шаруашылығы құрылымдарының бірі. Қала тұрғындары тұтынатын ауызсудың 60 пайыздан астамы осы ашық су қоймасынан, қалған бөлігі Ұйтас-Айдос жерасты су көзінен алынады. Қаланы ауызсумен жарым-жартылай ғана жабдықтап отырған 60 шақырым жердегі бұл кешеннің жерасты су көзінің құбыры жыл өткен сайын тозығы жетіп, жарамсыз болуға айналған. Нысан 1967 жылы пайдалануға берілген. Жоба бойынша жылына 30-35 миллион текше метр су беру керек болса, кейінгі жылдарда бұл көрсеткіш 3 есеге дейін төмендеп кетті. Су көзіндегі бес ұңғыманың екеуі ғана жұмыс істейді.

Бүгінде су қоймасында 245 миллион текше метрдей су болғанымен, көлемі жобалық қуатынан 24 пайызға төмен. Кейінгі жылдардағы құрғақшылыққа байланысты қойма арнасы суға толмай, тиісті деңгейіне жетпей келеді. Сонымен бірге төменгі бьеветегі шлюз арқылы ондаған жылдар бойы жиналған су ағызылып жіберілген жоқ. Су пайдаланушылар су қоймасы түбінде тұнып қалған лай мен өсімдіктердің шіріген қалдықтарын тазартқан да емес.

2011 жылғы 1 наурызда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Су кодексінің 25-бабында «Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік меншікте болады және жалға, сенімгерлік басқаруға берілмейді және иеліктен шығаруға жатпайды» деп анық көрсетілген. Бұған дейін Үкіметтің 1996 жылғы 16 маусымдағы қаулысы бойынша Мемлекеттік мүлік комитетіне Кеңгір су қоймасын және гидротехникалық құрылымдар кешенін «Жезқазғантүстімет» АҚ құрамынан шығарып, республикалық Су ресурстары жөніндегі комитеттің құзырына беруді міндеттеген болатын. Бірақ бұл міндет әртүрлі сылтаумен орындалмады. Осылайша стратегиялық маңызы зор нысан Су кодексінің және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң талабына сай жекеменшік қолынан мемлекет иелігіне қайтарылмай қалды. Қазір Кеңгір су қоймасы гидротехникалық құрылымдарымен бірге «Қазақмыс Дистрибьюшн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің иелігінде.

Ал енді екінші нысан «Қазгидропроект» институтының жобасы бойынша Жезді су қоймасы Жезді өзенін бөгеу арқылы 1969 жылы салынған. Аумағының сыйымдылығы 76 миллион текше метр. Кезінде бұл қойма қалаға жақын орналасқан Талап ауылы аумағындағы 3 мың гектар алқапқа ауыл шаруашылығы мақсатында су беру үшін жасалды. Соның арқасында Жезқазған мен Сәтбаев қалалары көкөніс және ет-сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуі тиіс болатын. Жақсы басталған жоба тәуелсіздік жылдарында құлдырауға ұшырады.

Үкіметтің Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары туралы 2011 жылғы 3 қарашадағы және 2019 жылғы 13 маусымдағы қаулыларында Жезді су қоймасына Талап суармалы жүйесінің магистралдық каналымен бірге қайта жаңарту жүргізу көзделген болатын. Өкінішке қарай, өңір үшін өзекті бұл жоба тек қағаз жүзінде қалып қойды.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жезқазған қаласының халқы Кеңгір және Жезді су қоймалары Су кодексінің талаптарына сай пайдаланылып, ондағы қордаланған проблемалардың шешілуіне Үкімет оң ықпалын тигізеді деген үмітте.

Осыған байланысты мына сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз:

1. Кеңгір, Жезді су қоймаларының мәртебесі заңнамалық тұрғыда қашан реттеледі?
2. Жезқазған қаласын толықтай жерасты суымен қамтамасыз ету мәселесін шешу

Үкіметтің жоспарында бар ма?

3. Ұйтас-Айдос жерасты су көзінің жобалық мүмкіндіктері толық қуатында пайдаланылуы үшін қосымша ұңғымаларын іске қосып, 60 шақырымдық су құбырын толықтай жаңарту қашан қолға алынады?

4. Адамдарды таза ауызсумен қамтамасыз етуді Үкіметтің әкімдікпен және «Қазақмыс» корпорациясымен бірлесіп қысқа мерзім ішінде, әрі кеткенде бір жарым жыл ішінде шешуі жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасы қанша уақытта орындалады?

Сауалға заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.
Құрметпен, депутаттар Әбдікерем, Ершов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мәселесі жайлы депутаттық сауал
Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Тәуелсіздік жылдарында «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, заңнамалық база қалыптасты. Оның аясында ұлттық парктердің алқабы бес есе өскен. Бүгінде елде жалпы ауданы 2,7 миллион гектарды құрайтын 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парк бар. Оның ішінде 640 мың гектар аумақты алып жатқан Қазақстанның інжу-маржаны саналатын Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени құндылығы ерекше. Мұнда «Мұзтау шыңы», «Кіндік тас», «Аустриялық жол» сияқты көрікті де киелі орындар, тарихи-мәдени, археологиялық жәдігерлер сақталған Берел қорғандары бар.

Туристік мәні зор бұл аймақта флора мен фаунаның алуан түрі шоғырланған, оның ішінде 30 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Табиғи саябақ өсімдіктер мен жануарлардың сирек түрлерін, жалпы еліміздің биологиялық саналуандығын сақтауда, туристік қызметті жүзеге асыруға өте қолайлы. Трансшекаралық биосфералық резерват ретінде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік биосфералық резерваттар желісіне енгізілуі мекеменің мәртебесі мен құндылығының айғағы.

Облыс әкімдігінің шекара аймақтарын дамыту бағдарламасы туризмді дамытуға оң ықпал етуде. Десек те шешімін талап ететін проблемалар да баршылық.

Мекеменің техникалық-экономикалық негіздемесіне жүргізілген түзетулерге сәйкес оның материалдық-техникалық және кадрлық әлеуетін екі есе ұлғайту қажеттілігі анықталған.

Нормативтерге сәйкес табиғи парктің құрылымы мен штаттық саны қосымша 5 бөлім және 5 филиал мен 732 бірлік болуы тиіс болса, қазіргі уақытта 354 адамды құрайды, яғни жүктеме екі еседен астам ұлғайған. Сондай-ақ инфрақұрылымға жоспарланған 11 миллиард теңге инвестиция салынбаған.

Жоғарыда аталғандар негізінде келесі мәселелерді қарастыруды сұраймын:

1. Ұлттық паркті дамытудың бас жоспарының толық іске асырылмауы салдарынан автокөлікпен қамтамасыз ету 70, тракторлармен қамтамасыз ету 35, басқа арнайы техникамен қамтамасыз ету 4 пайыз бен 20 пайыз аралығын құраса, ал инспекторлардың көлікпен қамтылуы 36 пайыз ғана.

Заңнамаға сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау мен күзету өсімдік, жануарлар дүниесін сақтау мен олардың санын реттеу бойынша кешенді шараларды көздейді.

Бұл міндеттерді талап деңгейінде шешу материалдық-техникалық базаны түбегейлі нығайтуды қажет етеді.

2. Кадр тапшылығы мен табиғи ерекшеліктер жағдайында вахталық әдіс парк аумағын қорғаудың мәжбүрлі шарасы болып отыр. Алайда жоғарыдағы тәсілмен жұмыс істейтін қызметкерлерге далалық жабдықтылым төлемдерінің мәселесі шешілмеген.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметкерлері бұл төлемдерге құқығы бар санаттардың тізбесіне кірмеген. Осыған орай тиісті уәкілетті орган аталған тізбеге осы сала қызметкерлерін қосу арқылы толықтыру енгізуі керек деп санаймын.

3. Ұлттық парктің шектеулі шаруашылық қызмет аймағында жанама орман пайдалану, бал ара шаруашылығы, санитарлық мақсатта ағаш кесу және тағы басқа қызмет түрлеріне рұқсат берілген. Алайда ағаш кесушілерді есепке алу мен жинауға рұқсат алудың қолданыстағы жүйесі бір жылға дейін созылатын көп сатылы келісу рәсімдерін талап етеді. Сондықтан да уәкілетті органның рұқсат беру функцияларын жергілікті деңгейге беру заңнамалық тұрғыдан реттеліп, шешілуі қажет деп есептеймін. Сонымен қатар жергілікті халықтың сұранысына орай заңнамадағы жанама пайдалану тізбесіне қарағай жаңғақтарын жинау да енгізілуі тиіс.

4. «Үлкен Алтай» биосфералық резерваты шеңберіндегі ынтымақтастық трансшекаралық экологиялық туризмді дамыту мен шекара маңындағы елді мекендердің ахуалына оң ықпал етері сөзсіз. Бұл ретте жауапты министрлік тарапынан инфрақұрылымды қаржыландыру, сондай-ақ экотуристік брендингін құру, келушілерге қызмет көрсету сапасын арттыру тетіктері қарастырылуы өзекті.

5. Қатонқарағайдың құнды табиғи кешендерін сақтау үшін заманауи зертханалармен қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жеткілікті қаржыландыру, сондай-ақ қызметкерлердің еңбекақысын арттыру зерделеніп, нақты шешілуі ұсынылады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Айтылған ұсыныстар бойынша тиісті шаралар қабылдауыңызды және заңнамада белгіленген тәртіпшен жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Мусин, Перепечина, Булавкина». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Настоящим депутатским запросом поднимаются проблемные вопросы неуплаты сумм налогов или занижения сумм налогов в декларациях, начисленных по административному производству.

В последние годы отмечается низкая взыскиваемость наложенных штрафов за уклонение от уплаты начисленных сумм налогов (5,9 процента) и занижение сумм налогов в декларациях (52,7 процента). По данным вопросам отсутствует единообразная практика рассмотрения дел органами государственных доходов.

Выявлены неправильные подсчеты штрафов на 279 миллионов тенге из-за неучтенного времени совершения правонарушений и в связи с внесенными изменениями в Кодекс об административных правонарушениях.

Кроме этого, имеются факты необоснованного наложения штрафов в размере 4,5 миллиарда тенге после истечения пятилетнего срока давности привлечения к административной ответственности на субъектов предпринимательства. Наряду с этим должностные лица допускают значительные упущения при разграничении между административными и уголовными правонарушениями.

Ключевая разница между нормой Кодекса об административных правонарушениях о занижении сумм налогов в декларациях и нормой Уголовного кодекса об уклонении от уплаты налога в пороговом значении составляет 50 тысяч месячных расчетных показателей.

Согласно части 2 статьи 25 Кодекса об административных правонарушениях административная ответственность наступает, если эти правонарушения по своему характеру не влекут за собой в соответствии с законодательством уголовной ответственности. Из указанного следует, что дело об административном правонарушении по занижению сумм налогов в декларациях может быть возбуждено только в тех случаях, если сумма занижения налога не достигает порога по Уголовному кодексу, действия не повлекли уголовно наказуемого деяния, имеется акт органа уголовного преследования о прекращении уголовного дела по реабилитирующим основаниям.

Одновременно до вынесения окончательного процессуального решения юридические лица привлекались к административной ответственности за занижение сумм налогов с наложением штрафа более чем на 450 миллионов тенге, что является недопустимым.

Помимо этого, имеют место нарушения при осуществлении производства по делам об административных правонарушениях. Есть случаи несоблюдения требований статьи 803 Кодекса об административных правонарушениях по разъяснению прав лица, в отношении которого ведется производство по делу.

Как итог, не в полной мере достигается цель Кодекса об административных правонарушениях, направленная на соблюдение требований законодательства и уважение правопорядка, а также предупреждение совершения новых правонарушений как самим правонарушителем, так и другими лицами.

На основании изложенного предлагается.

1. Министерству финансов:

разработать методические рекомендации по составлению и рассмотрению материалов по делам об административных правонарушениях в области налогообложения;

принять исчерпывающие меры по выявленным нарушениям, в том числе по пересмотру принятых решений (постановлений, извещений, уведомлений) в соответствии с требованиями законодательства и взиманию образовавшейся задолженности по административным штрафам.

2. Поручить Министерству юстиции совместно с Министерством финансов проработать вопрос внесения в Кодекс об административных правонарушениях изменений и дополнений, предусматривающих:

механизм обжалования, опротестования уведомлений и извещений о необходимости уплаты штрафа, направленных органами государственных доходов в порядке статьи 897 Кодекса об административных правонарушениях;

наложение на субъектов малого предпринимательства и некоммерческих организаций штрафа по статье 277 Кодекса об административных правонарушениях в процентном соотношении от суммы произведенных расчетов;

дополнительные основания, при которых течение срока наложения административного взыскания за административное правонарушение приостанавливается.

Просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, Лукин». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 10 наурыз

Күн тәртібі бойынша	
О повестке дня	1
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметінен босату туралы	
Об освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан	
Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы	
Д.А. ШИПШТІҢ баяндамасы	
Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан	
ШИППА Д.А.	1
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В.	2
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде	
О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о трансграничном перемещении опасных отходов по таможенной территории Евразийского экономического союза», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан	
Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.А. Брекешевтің баяндамасы	
Доклад Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан Брекешева С.А.	3
Сөз сөйлеген:	
Выступил:	
МАМЫТБЕКОВ Е.Қ.	4
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий НУРАЛИЕВА А.Т.	6

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МУСИН Д.М. 7

**Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Смаилову А.А. 8

**Депутат М.С. ЖҰМАҒАЗИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДЖУМАҒАЗИЕВА М.С. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 10

**Депутат Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата АБДИКЕРОВА Р.Қ. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Смаилову А.А. 11

**Депутат Д.М. МУСИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата МУСИНА Д.М. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Смаилову А.А. 13

**Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**


Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Смаилову А.А. 14

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева